

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2024 жылғы 19-25 қыркүйек

Респонденттердің саны: 15

(AERC, Citigroup, Halyk Finance, ING, Jusan Invest, NAC Analytica, Азия даму банкі, АКРА, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Синара инвестициялық банкі, Фридом Финанс, Эксперт РА)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттердің болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2023 (факт)	2024	2025	2026
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	82,2	80,0 (83,5)	75,0 (80,0)	75,0 (80,0)
ЖІӨ %, ж/ж	5,1	4,0 (4,0)	5,0 (5,0)	4,5 (4,4)
ТБИ %, желт. өткен жылғы желт.	9,8	8,4 (8,0)	6,7 (6,9)	6,0 (6,0)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	16,5	14,6 (14,5)	12,0 (11,9)	10,1 (10,0)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	90,1	88,0 (89,6)	83,2 (86,0)	84,1 (85,6)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	71,8	72,0 (74,1)	70,0 (70,0)	71,0 (73,0)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	456,3	464,0 (461,2)	484,0 (479,0)	494,3 (492,0)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* Жылдық %	8,5 (8,5)			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі** %, ж/ж	4,3 (4,5)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары барлық болжамды кезеңде төмендеу жағына қарай қайта қаралды. Респонденттердің медианалық күтулері бойынша 2024 жылы Brent маркалы мұнай бағасы жылдық орта есеппен баррель үшін **80** АҚШ доллары деңгейінде, 2025-2026 жылдары – баррель үшін **75** АҚШ доллары деңгейінде қалыптасатын болады.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасы өсуінің болжамдары елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. 2024 және 2025 жылдарға арналған болжамдардың медианалары тиісінше **4%** және **5%** деңгейінде сақталды, ал 2026 жылға – 4,4%-дан **4,5%**-ға дейін біршама өсті.

ТБИ. 2024 жылға арналған инфляция болжамы 8%-дан **8,4%**-ға дейін өсті, ал 2025 жылға болжам – 6,9%-дан **6,7%**-ға дейін төмендеді. 2026 жылы респонденттер инфляцияны әлі де **6%** күтуде.

* Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

** 5 жыл ауқымында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Сарапшылар базалық мөлшерлеменің жоғары мөндерде бұрынғыға қарағанда сәл ұзағырақ сақталуын күтеді. Осылайша, 2024 жылға арналған күтулер жылдық орташа есеппен 14,5%-дан **14,6%**-ға дейін, 2025 жылға – 11,9%-дан **12%**-ға дейін, 2026 жылға – 10%-дан **10,1%**-ға дейін біршама өсті.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдары аса өзгерген жоқ. 2024 жылға болжам **88** млрд АҚШ долл. (бұрын – 89,6 млрд АҚШ долл.), 2025 жылға – **83,2** млрд АҚШ долл. (86 млрд АҚШ долл.), 2026 жылға – **84,1** млрд АҚШ долл. (85,6 млрд АҚШ долл.) құрады.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер импортының көлемі бойынша болжамдары аса өзгеіске ұшырамай, бүкіл болжамды кезеңде **70-72** млрд АҚШ доллары аралығындағы қалыптасады деп күтілуде.

USD/KZT БАҒАМЫ. USD/KZT бағамы бойынша талдаушылардың күтулері бүкіл болжамды кезеңде әлсіреу жағына қарай біршама қайта қаралды. 2024 жылы USD/KZT бағамы жылдық орташа есеппен бір АҚШ долл. үшін **464** теңге (бұрын – бір АҚШ долл. үшін 461,2 теңге), 2025 жылы – бір АҚШ долл. үшін **484** теңге (бұрын – 479 теңге), 2026 жылы – бір АҚШ долл. үшін **494,3** теңге (бұрын – 492 теңге).

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта, сондай-ақ ЖІӨ-нің әлеуетті деңгейде сақталуын қолдайтын базалық мөлшерлеме сол қалыпты **8,5%** деңгейінде бағалануда.

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ. Респонденттердің 5 жылдың шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынының бағалаулары 4,5%-дан **4,3%**-ға дейін біраз төмендеді.

Көптеген макрокөрсеткіштердің **болжамдық ауқымдары** айтарлықтай кең, ал олардың динамикасы әртүрлі бағытта қалыптасуда. Бұл сарапшылардың қысқа және орта мерзімді болашақта ішкі және әлемдік экономика дамуына қатысты белгісіздігін көрсетеді.